



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 69 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І

***«Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың
валюта алаңында юань-теңге жұбымен сауда-саттықты
іске қосу туралы***

2014 жылғы 25 қыркүйек

Алматы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2014 жылғы 25 қыркүйекте «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың (KASE) валюта алаңында Қытай юані / Қазақстан теңгесі валюталық жұбының сауда-саттығы ашылғанын хабарлайды.

Қытай юанімен сауда-саттық KASE таңертеңгі сауда-саттық сессиясының кезінде сауда-саттық жүргізілген күні теңгемен есептеле отырып жүргізіледі.

Сауда-саттықты іске қосуға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қытай Ұлттық Банкінің арасында жүргізілген бірқатар келіссөздер нәтижесінде, оның ішінде Қаржылық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Қытай кіші комитеті отырыстарының, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ жүргізген дайындық жұмысының шеңберінде қол жеткізілді.

Сауда-саттық 2014 жылғы 24-25 қыркүйекте Алматыда өткен Қаржылық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Қытай кіші комитетінің ІХ отырысы шеңберінде ашылды.

Қазіргі уақытта KASE-де АҚШ доллары, еуро, Ресей рублі және Қытай юані бойынша сауда-саттық жүргізілуде.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар: +7 (727) 2704 639, +7 (727) 2704 585;
+7 (727) 3302 4 97, e-mail: press@nationalbank.kz (www.nationalbank.kz) бойынша алуға
болады*